



Бекітемін:

«Жанаауыл бастауыш
мектебі» КММ
менгерушісі У. Е. Махметова

2020-2021 оқу жылы

Тәрбиелік іс-шаралардың сараптамасы

Еліміздегі білім мен тәрбие беретін мекемелердің бәрі де 1 қыркүйек күнін «Білім күні» деп арнайы атап өту бірнеше жылдан бері дәстүрге айналғандығы белгілі. Соған орай, барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, Жанаауыл бастауыш мектебінде де қыркүйек айының алғашқы күнінде Білім күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты балалардың білімге деген қызығушылықтарын асырып, мектеп өміріне белсене қатысуына ықпал ету, жас үрпақты ұлтжандылыққа, елжандылыққа, адалдық пен мейірімділікке, мектеп пен ұстаздарды құрметтеуге еді.

Оқушылардың спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жасарту, қызығушылықтарын арттыру, олардың адамгершілік, күш, ерік-жігер қасиеттірін және психологиялық процестер мен адамдық қасиеттерді, дene мүшелерінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту, дene шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шүғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру мақсатымен мектебімізде Денсаулық күніне орай «Денің сау болсын десен...» атты спорттық іс – шара ұйымдастырылды.

Сондай-ақ « Жол жүру ережелерінің» жоспарлары бойынша әр сыныпта «Жол ережелерін білеміз бе?», «Көшे күтпенген оқигаларға толы» , «Жолда жүру әліппесі» сияқты тақырыптарында жұмыстар жүргізілді.

Жыл сайын 22 қыркүйекте Республикамыздағы барлық ұлт өкілдері Тілдер күнін атап өтеді. Әрбір тілдің басқа ұлт өкілдерінің тілдерімен байланысты өзіндік тарихы, тағдыры бар. Тіл арқылы біз үнемі қарым-қатынаста боламыз. Тіл мен қарым-қатынас біріккенде сыйластық, ұлттардың достығы, адамгершілік пайда болады. Халықтар достығының арқасында біздің қоғамымыз, тіліміз дами береді.

Жанаауыл бастауыш мектебінде 14-қыркүйектен 23-қыркүйекке дейін «Тілге құрмет-елге құрмет» тақырыбында тілдер мереңесінің онкүндігі өткізілді. Мақсаты: Жас үрпақты мемлекеттік тілді мақтан туғуға, құрметтеуге тәрбиелеу. Туған елін сүюге, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік көз қарастарын қалыптастыру. Оқушылардың «КР-ғы Тіл туралы» Заңына арқау болып отырған мемлекеттік тіліне деген құрмет сезімін ояту, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәні мен маңызына терең мән беру, тіл мен әдебиетке

деген қызығушылығын арттыру, өз елінің салт-дәстүрін күрметтеуге тәрбиелеу, отаншыл болуға баулу.

Қыркүйектің 14-і мектеп оқушыларының қатысуымен тіл мерекесіне арналған салтанатты саптық жиын өткізілді. Онқұндіктे өткізілетін іс-шаралармен таныстырылды. Онқұндік барысында бірнеше іс – шаралар үйымдастырылды.

0-4 сыныптар арасында «Өлең сөздің патшасы» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайыста оқушылардың оқу мәнеріне ерекше көніл бөлініп, өлеңдерін өте жақсы оқыған 4-сынып оқушылары Жақсылық Әлішер мен З-сынып оқушысы Саттыбалды Айша болды. Барлық оқушылардың тіл жайында айтқан өлеңдері тындалып, талқыланды.

«Ана тілің –арың бұл» деген тақырыпқа шығарма жазу үйымдастырылды. Балалар ана тілі, оның орны туралы бар ойларын қағаз жүзіне түсіруге тырысты.

Қорыта келгенде, Тілдер мерекесінде өткізген іс-шараларымыз оқушыларда өзіне деген жауапкершілікті алуға қабілеттілік, шешімдерді бірлесіп қабылдауға қатысу, бірін-бірі күрметтеу, бірнеше тілді менгеру құзыреттіліктері қалыптасты.

Қазан айының 10-ны күні «Ас атасы-нан» атты іс-шара үйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты өскелен ұрпақты еңбеккорлыққа, нанды қастерлеуге, «Ас атасы –нан»екендігін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екендігін, оның онай жолмен келмейтіндігін айтып ұғындыру. Нанның қалай дастарханға келетінін айтып, оған қөптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру болды. Сондай ак өмірден алған білімдерін, түсініктерін жетілдіру. тәрбие беру болды.

Қарашаның айында оқушыларды Ұлы ақынның балалық және жастық шағы, өскен ортасымен таныстыру мақсатымен «Абайды оқы –таңырқа» атты іс-шара үйымдастырылды. Балалар ғұламаның ақындығы мен композиторлығымен танысып, Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін ұлғі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру, жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу іс-шараға қатысты..

Желтоқсан оқиғасы өзінің қайсарлығымен, алға қойған мақсат-мұратымен, әрбір адамның есінде мәңгі сақталады. Осыған орай мектебімізде «Желтоқсан қаһармандары» тақырыбында ашық сабак өткізілді. Елін, жерін, тілін күрметтейтін, өз Отанын сүйетін азамат қалыптастыру, от жүректі өжет мінезді ұл-қыздардың ерлік істеріне мәңгі күрмет көрсетуге баулу, патриоттық сезім қалыптастыру мақсаттары көзделген еді.

Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін нығайту, дамыту мақсатымен «Мемлекеттік рәміздер» атты ашық сабак өткізілді. Оқушыларға өз

тәуелсіздігімізге аяқ басқан кезеңде төл рәміздер дүниеге келгені, Елбасымыз жаңа мемлекеттік рәміздерді қабылдауға зор мән бергені жайлы әңгімеленіп, рәміздер туралы түсінік берілді. Сонында оқушылар «Рәміздер – елдігімнің белгісі» атты тақырыпқа сурет салып, сурет көрмесі үйымдастырылды. Сондай-ақ «Қазақстан-туған елім» атты викторинаның сұрақтарына жауап беріп, өз ойларын жеткізе білді.

Қазақстан Республикасының Тұнғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі жайлы оқушылардың білімдерін одан әрі толықтыру, жас үрпаққа Елбасымыздың сан қырлы талант иесі, тұлға екенін таныстыру мақсатымен «Елі сүйген Елбасы» атты тәрбие сағаты үйымдастырылды. Сондай-ақ елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдал берген, халқымызды әлемге танытқан Елбасының кіслік келбетімен таныстыру еді. Елін сүйген, елі сүйген Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүюге, ержүректілікке, азаматтыққа, ұлттық патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсаттары көзделген еді.




Желтоқсанның алғашқы аптасында «Рухани жаңғыру :Мен елімнің ертеңімін» деген тәрбиелік іс –шара үйымдастырылыды. Бұл шараның мақсаты оқушыларды Отанды сүюге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағытталған еді..

Өскелен үрпақты еліміздің өткенін білуге, тарихымызды құрметтеуге тәрбиелеу, Желтоқсан оқиғасы қаншалықты қайғылы болғанымен елге тартқан сыйы – Тәуелсіздік екендігін насиҳаттай отырып, Желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтап, туған жерінің нағыз патриотты тәрбиелеу мақсатымен желтоқсанның 15-і мектебіміздеге Тәуелсіздік ту астында » атты патриоттық іс –

шара



аталып



өтті.

Желтоқсан айының соңғы күндерінде мектебімізде оқушылардың асыға күткен Жана жылдық мерекесі өтті. Балаларға Жана жыл туралы ұғым беріп, жана жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге, оларға мерекелік көніл-күй сыйлау, көнілді етіп ұйымдастыру, достық қарым – қатынастарын нығайту болды бұл іс – шараның мақсаты.



Қазактың ұлттық ойындары асық ойнау, қол курес, тақия тастамақ ойындары арқылы балаларға қазактың салт – дәстүрі, әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру мақсатымен «Ұлттық ойын-халық мұрасы» атты сынып сағаты өтті. Іс-шараның барысында балаларды қазактың ұлттық ойындары мен таныстыра отырып ойын шартын дұрыс бұзбай ойнауға үйретіп, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытып, қазактың ұлттық ойындарын ойнай білуғе тәрбиелеу болды.

Мектебімізде ақпанның 2-12 аралығында «Өзін-өзі тану: Махабbat pen Шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік ұйымдастырылған түрде аталып өтті. Онкүндік салтанатты түрде ашылып, оқушылар өткізілетін іс-шаралармен таныстырылып, белсенді қатысуға шақырылды.


«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасының авторы С.А.Назарбаева жайлы «Мейірім төгетін ана» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырып өтілді. «Алтын жүрек анамыз», «Сердце наполненное любовью» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Балалардың ана, жақсылық, бейбітшілік және достық жайлы шығармашылық жұмыстарының көрмесі декада бойы толықтырылып отырылды.

Ақпанның 12-сі «Өзін-өзі» тану пәнінен «Мейірімділік-асыл қасиет», «Өнеге-отбасынан» тақырыбында сабактар өтті.




Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейлілікке, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатымен «Алғыс құні» өтті,

Аналарға деген сүйіспеншілікке баулу ,ана еңбегін ардақтап, мейірімділікке сый - құрметке тәрбиелеу, оқушылардың ой - өрісін тіл байлығын ойлау қабілеттерін дамыту, оқушыларға ата - ана аддындағы парызы мен қарыздары туралы түсініктеме беру үшін «Аналар –асыл жандар» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.



«Қош келдің, Наурызым!» атты іс-шараның негізгі мақсаты оқушыларға ұлттық мереке-жыл базы Наурызды халқымыз қалай қарсы алғандығын үйретіп, насихаттап, Наурыз мерекесі жөніндегі білген, түйгенін одан әрі толықтыру болды. Оқушыларға ұлттық өнерімізді, ойындарды, салт-дәстүрі-мізді еркін менгеріп, шебер орындаі білу дағдыларын қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің ұмытылмай, жаңарап, осы заманғы өмірімізге кірігуіне, құрметтеуге тәрбиелеу мақсаттары көзделген еді.



Қазақстан Республикасындағы халықтардың ынтымақтастықпен, бірлікпен, тең құқықпен өмір сүріп жатқандығын және оны үлгі етіп, әр халықтың салт - дәстүрлерін сақтап келе жатқан қаншама ұлттардың салт - саналарынан хабардар ету, балалардың өз өнерлерін көпшілік ортаға салу арқылы шығармашылық білімдерін көрсету, балалардың жаңа қырларын ашу мақсатымен «Бір шаңырақ астында» атты тәрбие сағаты өтті.

Балаларға Қазақстан көп ұлтты мемлекет, онда қазақтар, орыстар, ұйғырлар, өзбектер, корейлер, украиндар, дүнгендер және тағы басқа ұлт өкілдері тұрады. Олар өздерінің осындай кең байтак қазақ жерінде өмір сүріп жатқандарына қанша жыл өтсе де, қазақ халқының осынша кең пейіл, қонақжай екендігіне көз жеткізді. Олар өз елдерінде болмаса да, қазақтардың елін елім деп, жерін жерім деп құрметтеп, үлкен үлгілі отбасының кейпін көрсетуде туралы әнгімеленді.

«Ерлік-елге мұра» атты іс-шараның мақсаты Ұлы Отан соғысы туралы, елін жаудан қорғап қалған ержүрек отандастарымыз туралы түсінік беру; туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру; ата - бабамыздың ерлік істерін қастерлеп, үлгі - өнеге тұту; елжандылыққа, туған елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу болды.



Білім негізі, іргетасы – бастауыштан қаланатынына ерекше мән беру, бастауыш сыныптарда алған білімнің адам өмірінің мән-мағынасы үшін аса қажеттілігіне көз жеткізу, алған білімдері мен жетістіктерін іс жүзінде көрсете білу, Отансұйгіштікке баулу, жағымды мінез-құлышқ мәдениетіне, білімді, саналы ұрпақ болып өсуге жетелеп, бағыт-бағдар беру мақсатымен мектебіміздің оқу жылдарының соңғы күндері «Сыңғырла, соңғы қоңырау» іс-шараның аясында «Қош бол, бастауышым- балбұлағым» атты мерекелік іс-шарамен аталып өтті.